

М.Ш.Какимова, А.И.Бирманова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: birmanova81@mail.ru)

Құқық нормасын талқылаудың жүйелік және тарихи әдістері

Мақалада құқықтық нормаларды талқылау әрекетінің мақсаты заңдық нұсқауларды біртектес дұрыс түсінуді және оларды қолданудың орны мен өзгешеліктерін қарастыру болып табылады. Қарастырылған мазмұны, олардың әлеуметтік сұрақтардың бағытталғандығы, құқықтық реттеу жүйесіндегі ролі құқық нормасының басқа онымен логикалық байланыстағы нормаларға бағынады. Нормалардың арасындағы байланысқа мән бермеу талқыланып жатқан норманың мағынасын дұрыс түсінбеуге әкеледі. Ал нормалардың арасында пайда болатын байланыстар сан алуан болуы мүмкін, сондықтан оларды жүйелік және тарихи әдістердің көмегімен зерттеудің ерекшелігі ұсынылады. Дәл қазір қазақстандық заң ғылымы және жеке жалпы теориялық құқық алдында мемлекеттің барлық құқық қолдану субъектілеріне арналған құқық нормасын талқылауда ерекше талап ету құндылықтарының жаңа жүйесін құру барысында қандай құқықтық концепцияны ұстану керектігі жөнінде мәселе туып отыруымен ерекшеленеді.

Кілт сөздер: құқық нормасы, құқықтық талқылау, жүйелік әдістер, құқықтық мемлекет, объект, субъект, интерпретатор.

Құқық нормаларын талқылау — құқық актілерінде орын алатын құқық нормаларының мазмұнын ұғыну және түсіндіру. Талқылау барысында нормативті нұсқаудың мазмұны, олардың әлеуметтік бағытталғандығы, құқықтық реттеу жүйесіндегі ролі мәселелері шешіледі. Талқылау заңдық нормалардың реттеу жүйесіндегі абстрактілігіне, арнаулы терминологияға, құқық шығармашылық әрекеттің ақаулығына байланысты болуы қажет. Құқықтық нормаларды талқылау әрекетінің мақсаты — заңдық нұсқауларды біртектес дұрыс түсіну және оларды қолдануды қамтамасыз ету.

Талқылаудың екі жағы танылған: мазмұнын субъектінің өзінің ұғынуы; өзгелерге түсіндіру. Ішкі интеллектуалды процесс ретіндегі норма талаптарын ұғыну мен құқық мазмұны туралы өзіндік тұжырымдарын құқықтық актіні қалай түсіну қажеттігін көрсету мақсатында сыртқа шығару құқықты талқылау ұғымына бірігеді.

Құқықты талқылау мәселелері құқық қолдану мен құқықты жүзеге асыру көлемінен асып кетуде. Себебі ол мемлекеттік-құқықтық өмірді ғылыми және кәдімгі тану процесінде дербес мағынаға ие. Сондай-ақ қолданыстағы құқықтың мазмұны туралы нақты түсініктің болуы құқықшығармашылық әрекетінің барысында да аса қажет. Онсыз жаңа құқықтық акт қабылдау немесе бар актілерді жүйелендіру мүмкіндігі болмай қалады. Талқылау объектісі болып заңдар және заңға бағынышты актілер саналады. Оларда бекітілген нормалар ғана емес, актілердің преамбуласы да, өзге де бекітілген ережелері маңызды болып табылады.

Талқылау пәні заңда көрініс тапқан заң шығарушының тарихи еркі танылады. Заңды қолдану уақытындағы заң шығарушының да еркі ескеріледі, себебі талқыланған актілерден кейінгі шығарылған құжаттарда алдыңғы актінің мазмұны тікелей немесе жанама түрде бұзылуы мүмкін. Әрине, бұндай жағдай заңдылықтың қатаң режимі сақталған және құқықтық тәртіп орнатылған жағдайда орын алуы тіпті де мүмкін емес.

Талқылау белгілі бір табиғи немесе қоғамдық құбылыстарды тануға бағытталған үрдіс. Талқылау деп тар мағынасында берілген формулаларды, белгілерді, ережелерді, т.б., яғни заңның табиғи және жасанды тілді, түсіндіруді айтамыз. Осыған орай талқылауды екі түрлі тұрғыда қарастырамыз:

1. Талқылау — ол белгі жүйесін түсіндіруге бағытталған ойлау үрдісі.
2. Алдында көрсетіліп кеткен ойлау үрдісінің нәтижесі, яғни белгі жүйесіне белгілі бір мағына беруі.

Заң ғылымдарында және тәжірибеде «құқықты талқылау» (немесе заңды) термині қолданылады. Мұнда да анықталған ойлау үрдісі нормалардың мазмұнын ашуға бағыттала отырып, ондағы терминдердің, анықтамалардың негізгі мағынасы мен түсінігін береді, яғни нәтижеге жетеді.

Талқылау — танымды жүйелеу. Құқық нормалары — бұл адамның көру, есту, ұстап білу сияқты сезімдері арқылы қабылданбайтын объект болып табылады. Құқық нормасын зерттеуге, белгілі бір құралдарға қойып өлшеуге, микроскоп астына қойып қарауға келмейді. Құқық нормасы жалпылау

мен абстракциялаудың нәтижесі бола тұра, ойлаудың, яғни оның ұғым, пікір, ой қорытындысы сияқты формаларының, объектісі болады [1].

Құқық нормаларын талқылау ойлаудың бір түрі ретінде қарастырылады. Оның нәтижесінде жалпы ойдан басқа, яғни құқық нормаларының мазмұны жөніндегі, ойлар туындайды. Талқылау тілмен байланысты жүйелік танымның формасы ретінде қарастырылса, онда «қандай білімдердің жүйеленуі негізінде құқық нормасының мазмұнына тереңірек үңілуге болады?», «қандай жаңа ойларды қорытуға болады?», «құқық нормаларының нақты мазмұнын қалай ашуға болады?» деген сұрақтар туады. Әрине, мұндай білімдердің қатарына өмірдің жоғарғы формалары туралы білімдер жатады, яғни олар құқық нормаларымен жүйеленетін және сезімдік қабылдауға жататын білімдер болуы керек. Өмір жөніндегі құқық нормалары әр түрлі формаларда жүйеленеді және басқа құбылыстармен жан-жақты байланыста болады. Интерпретатор талқылау үрдісінде, нақты өмір сүру формаларындағы құқық нормасының қолданылуын ескере отырып, құқық нормаларының нақты мазмұнын бекітеді. Нақты құқық нормаларының сыртқы байланысы мен оның қолданылу формаларын анықтау, талқылау үрдісі мен әдістерінің ерекшеліктерін көрсетеді. Алдымен, олардың ішіне тілдік форманы жатқызамыз, екіншіден, құқық нормалары анықталған жүйенің ішінде өмір сүреді, құқық жүйесінің бір бөлігі болып табылады, әрбір жекелеген құқық нормасы басқа құқық нормаларымен байланыста болады. Бұл байланыстар жеке нормалардың мазмұнына әсер етеді және талқылау кезінде олар ескерілуі тиіс. Үшіншіден, құқық нормаларының өзінің генезисі, яғни генетикалық байланысы, болады. Нормалардың арасындағы генетикалық байланыс нақты байланыс болып табылады. Құқық нормаларының бұл генетикалық байланыстары жөнінде білу олардың пайда болуын түсіндіреді және құқық нормаларын тану үрдісі кезінде қолданылады. Келесі айтылатын, ол іс-әрекет нәтижесінде белгілі бір анықталған әлеуметтік ортадағы адамдардың тәртібі нәтижесінде құқық нормаларының пайда болуы.

Сәйкесінше, құқық нормасының «өмір сүруінің» бірден бір формасы — ол осы нормалармен реттелетін адамдардың іс-әрекеті, тәртібі. А.М. Яковлев: «Құқық нормалары өздерінің мазмұны нақты іс-әрекеттер мен нақты анықталған адамдардың актілерінде ашады», — деген. Оның ойынша, құқық нормалары (басқа да әлеуметтік нормалар) «жасанды түрде» де, яғни формалды норма түрінде, сонымен қатар нақты анықталған тұлғалардың іс-әрекеттерінде де, яғни нақты нормаларда да, көрініс табады.

Талқылау барысында интерпретатор келесі ұғымдарды пайдалана отырып, құқық нормалардың нақты мазмұнына жетеді. Олар:

- құқық нормасы құрылған тілді білу;
- интерпретацияланған нормалардың басқа нормалармен байланысын, яғни құқық жүйесін білу;
- құқық нормаларының генетикалық байланысы жөнінде білу;
- құқық нормаларының жүзеге асуының міндеттемелері, басқа әлеуметтік құбылыстармен қызметтік байланысы жөнінде және олардың негізгі шарттары туралы білу.

Құқық нормаларының бір белгісі ретінде олардың жалпы және абстрактілі (нормативті) мағынада болуын, яғни олардың субъектілер мен оқиғаларға кең ауқымда әсер етуін айтамыз. Құқық нормалары нақты субъектілердің іс-әрекеттерінде жүзеге асады және нақты оқиғаларға қолданылады. Сондықтан құқық нормаларын жүзеге асыру кезінде олардың мазмұнындағы элементтерді нақты көрсету керек, сондай әрекеттерден кейін құқық нормасының мазмұны нақты оқиғаларға жақынырақ болады.

Талқылау барысында жалпы және абстрактілі нормалар түсінікті, нақты анықтамалар беретін тілге ауыстырылады. Бұл талқыланып жатқан норманың заңдық тұрғыда шешуді талап ететін оқиғаға байланыстылығын көрсетеді. Әрбір құқық нормасы қоғамдық қатынастардың анықталған түрін реттейді. Құқық нормасымен реттелетін нақты қатынастар сан алуан, олар берілген қатынастарға тән белгілерді сақтай отырып жеке өздерінің ерекше қасиеттері болады. Құқық нормаларын жеке қатынастарға қолдану құқық нормаларының мазмұнына байланысты көптеген сұрақтар туғызады. Бұл сұрақтарға жауапты тек талқылау арқылы ғана алуға болады.

Заң қабылданған кезде жаңадан пайда болып келе жатқан немесе мүлдем болмаған қатынастар мен оқиғалар болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда заңшығарушы оларды абстрактілі түрде құқық нормаларымен реттейді. Жалпы нормалар мен жаңадан пайда болған қатынастарды реттеудің өзі әр түрлі сұрақтар туғызады. Бұл сұрақтарға талқылау актілерінің көмегімен жауап беруге болады. Алдында айтылып кеткен қатынастар қазіргі кезге тән. Себебі өмірде бұрын құқық нормаларымен реттелмеген жаңа экономикалық, саяси, әлеуметтік, ұлттық қатынастар пайда болуда [2].

Жаңадан қабылданып жатқан заңдарда көптеген жетімсіздіктер мен ақаулықтар бар. Бұл ақаулықтарды тек бұрын қолданылған нормаларды дұрыс талқылау арқылы ғана түзетуге болады. Заңдағы көптеген жетімсіздіктердің пайда бола бастауы заңшығарушыны жаңа «заңмен тыйым салмағанның барлығына рұхсат» деген қағиданы енгізуіне әкелді.

Құқық нормаларын талқылаудың ерекшелігі олардың тілдік-логикалық, «заңдық» сипаты болып табылады. Сондықтан құқық нормаларын талқылау кез келген тілді талқылау қажеттілігі сияқты маңызды болады.

Құқық нормасы, құқық субъектілерінің туындауы мүмкін мінез-құлқы жөніндегі заңшығарушының ойын білдіреді.

Материалдық негізсіз қандай да болмасын ой өмір сүре алмайды. Ол бір адамнан басқа бір адамға сөз немесе кез келген іс-әрекет арқылы беріледі, соның нәтижесінде ол құрылады. Тіл арқылы ой материалды, сезімдік қабылдау формасына келеді, сол арқылы жазып, естіп, көріп, оқып отырған адамға нақты ой береді.

Құқық нормаларын құрған кезде заңшығарушы әр түрлі сөздерді, терминдерді, күрделі сөйлемдерді қолданады. Сөйлемдер мен құқық нормалары тығыз байланыста бола тұра, сөз бен ұғым сияқты әр түрлі түсініктерді береді.

Құқық нормасы (нақты немесе пайда болуы мүмкін мінез-құлық жөніндегі ой) тілдік форманың астында жасырын болады, яғни кез келген сөйлемнің формасында бола алады. Нормативтік анықтамалар сырттай нормативтік мәнге ие емес сөйлемдердің астарында болуы мүмкін. Құрамында құқық нормасы бар сөйлемдерді құру тағы да талқылауды қажет ететін мәселелердің қатарына кіреді.

Құқық нормалары қоғамдық қатынастарды бір-бірінен оқшауланған түрде емес, анықталған жиынтықта, байланыста реттейді, яғни олар қатынастарды реттеуде өздеріне берілген қызметтерді бөліп алады. Құқық нормасының негізгі мәні, мазмұны басқа онымен логикалық байланыстағы нормаларға бағынады. Басқа нормалар, талқыланып жатқан нормамен байланысты нормалар, оның мағынасын тарылтады немесе кеңітеді. Нормалардың арасындағы байланысқа мән бермеу талқыланып жатқан норманың мағынасын дұрыс түсінбеуге әкеледі. Ал нормалардың арасында пайда болатын байланыстар сан алуан болуы мүмкін.

Құқық нормаларын талқылау — мемлекеттің құзыретті органдарының қызметі, және ол қоғамдық ұйымдардың, жекелеген азаматтардың шын мәнісіндегі құқық нормаларының мазмұнын түсінуге арналған. Талқылау процесінде норма әрекеттерінің жағдайы, құқықтық қатынастың мүшелерінің заңды құқықтары және міндеттері белгіленеді, сонымен бірге құқық нормаларының ұйғарымын бұзғаны үшін заңды жауапкершілік мөлшері көрсетіледі.

Талқылау құқық нормаларының іске асырылуын толық және жан-жақты жүргізу, атқару органдарының қызметінде, сот және прокуратура органдарында, азаматтардың және ұйымдардың өздерінің, заңды құқықтары мен міндеттерін орындау кезінде қамтамасыз етілу қажет болады. Соған байланысты талқылау құқық нормаларының барлық әрекет ететін аумағында бір жақты түсінуге және қолдануға ықпал жасайды, әр түрлі қоғамдық өмір аясындағы заңдылықты және біркелкі құқықтық тәртіпті қамтамасыз етеді.

Құқық нормаларын талқылаудың, екі түрі бар: анықтау (өз түсінігі) және түсіндіру (басқаға түсіндіру). Құқық нормаларының мәнін анықтау — оның талабын дұрыс түсінуге қажетті алғышарт. Құқық нормаларын түсіндіру тек сол кезде, яғни түсіну процесінде, оның мазмұнында түсінбеушілік кездесе. Ондай жағдайда құқық нормаларының мәнін шын мәнісінде қосымша түсіндіру қажет болады. Барлық құқық нормалары анықталады, ал сөйлеу жөніндегі дәлдік туралы, не болмаса құқық нормаларын күнделікті істе пайдалану туралы келіспеушіліктер болса, қосымша түсіндіру қажеттігі туады. Сонымен, құқық нормаларын анықтау, барлық жағдайда оның мазмұнын түсіндіру емес. Талқылау зияткерлік (интеллектуалды) қызметке жатады, ол процесс кезінде ғылыми тұрғыдан құқықтың тереңірек қасиеті білінеді, объективті және жетімді тұрғыдан құқық нормаларындағы ұйғарым баяндалады. Талқылаудың тиімділігі талқылаушының құқықтық санасының деңгейіне байланысты болады. Құқықтық сана деңгейі жоғары адам түсінсе, құқық нормаларының мазмұнын түсіндірсе, соған сай құқық бұзушылар аз болады, жеке адамның құқығы мен бостандығы толығырақ қанағаттандырылады [3].

Талқылауда ерекше роль арнайы заңгерлік дайындығы бар, заң ғылымдарының жетістіктерін терең меңгерген жоғары заңдылық мәдениеті бар адамдарға беріледі. Заңгерлердің кәсіби дайындықтарының деңгейінен көп жағдайда құқықты түсіндіру жұмысының сапасы көрінеді,

тұрғындар шын мәнісінде құқық нормаларының мәнін, олардың ұйғарымдарының дәл іске асырылуын қажет екендігін түсінеді.

Талқылаудың негізгі тәсілдері құқық нормаларының мазмұнын анықтауға арналған. Грамматикалық талқылау — құқық нормаларының мәнін грамматикалық тәсілде қолданып, оның мәтінін (түпнұсқасын) талдап түсіну. Мұндай талқылаудағы қажеттілік, қандай сөздерде, сөйлемдерде құқық нормаларының гипотезасы (болжал), диспозициясы және санкциясы құрылғандығын білуіміз керек. Ол үшін жекелеген сөздердің маңызы белгіленеді, олардың грамматикалық нысаны түсіндіріледі, бір-бірінің арасындағы байланыстар белгіленеді, содан кейін норманы құрайтын сөйлемнің грамматикалық және мәндік құрамы түсіндіріледі. Құқық нормасын грамматикалық талқылауда, жекелеген атаулардың маңызын білуге арнайы тоқтау қажет. Дегенмен, заңда кейбіреулеріне ерекше мән беріледі (мысалы, лауазымды адам, кінәсіз жәбірленуші, дәлелдемелер т.б.). Ондай атауларды түсіндіру көп жағдайда заңдардың өзінде және басқа нормативтік-құқықтық актілерде түсіндіріледі. Құқық нормаларын қолдану кезде әр түрлі маңыздағы көп пайдаланылатын атаулардың тікелей құқықтық-шығармашылық органның өзімен белгіленген шын мәнін білу қажет. Онсыз заңда істерді теріс шешуге әкеліп соғуы мүмкін. Нормативтік-құқықтық актілерде арнайы атаулар кең пайдаланылады, олар әр түрлі техника, ғылым, өнер салаларынан болады. Оларды дұрыс түсіну үшін сөздіктерге және мамандардың көмегіне сүйену қажет [4].

Жүйелі талқылау дегеніміз — құқық нормаларының мазмұнын басқа нормалармен салыстыру арқылы түсіндіру және оның солармен байланысын анықтау. Әрбір құқық нормалары құқық жүйесінің бір бөлігі және басқа нормалармен бірігіп әрекет етеді. Сондықтан белгілі құқық нормалармен мазмұнын түсіну үшін оның басқа нормалармен логикалық байланысын түсіну қажет. Ең алдымен, мазмұны жағынан талқылайтын нормалармен байланысты талдау белгіленеді. Ойға айтатын нәрсе, қандай нормативтік-құқықтық актіде, ол қандай орын алады. Егер ол норма қосымша заң актілерінде болса, оның заңға не болмаса басқа, үлкен заңдылық күші бар актіге сай екендігіне көз жеткізу қажет. Әр түрлі құқық салаларының нормаларымен салыстырылуы мүмкін.

Құқық нормаларын қолданатын органдар үшін, жүйелі талқылаудың үлкен маңызы бар. Ол заңды істерді дұрыс бөлуге қажетті жағдай жасайды. Мысалы, арнайы әскери машинаны жүргізу тәртібін бұзғандықтан, қылмыстық жауапқа тарататын норманы қолдану үшін, қандай тәртіп бұзылғанын белгілеу (анықтау) қажет. Ол үшін басқа нормативтік актілерге қараймыз, себебі оның мәні сонда көрсетілген. Жалпы алғанда, жүйелік талқылау қарым-қатынаспен бір-біріне тәуелді, құқық нормаларымен реттелген, қоғамдық қатынастармен қамтамасыз етілген.

Тарихи-саяси талдау — құқық нормаларының мақсатын-міндетін, сол өздері қабылдаған кезеңдегі, тарихи жағдайларды зерттеу арқылы түсіндіру. Тарихи-саяси түсінуде қажетті нәрсе — оның тереңге кететін әлеуметтік бағытын және құқық нормаларының мақсатын зерттеу керек, оның нақты қабылданған жағдайын білу қажет. Мұндай жағдай, норма олардың әлеуметтік-саяси мәнін ашып көрсетуге мүмкіндік береді, оның негізін, адамгершілік мазмұнын көрсетеді. Тарихи-саяси талдау құқық нормаларын дәл және дұрыс іске асыруға көмектеседі, қолдану кезіндегі заңдылық бұзылуына тежеу болады. Құқық нормаларын түсінуде барлық көрсетілген тәсілдерді пайдалану қажет. Оларды біріктіріп қолдану талқылайтын құқық нормаларының мәні дәл және дұрыс түсінуге жағдай жасайды.

Құқық нормаларын талқылаудың нәтижелері. Құқық нормаларына шек қоятын және таратушы талқылаулар. Құқық нормаларының мазмұнын түсіну, олардың толық және дәл іске асырылуына әкелуі міндетті. Талқылаудың нәтижесінде құқық нормалары толық түрдегі анықтықта және мәні белгілі болуы қажет. Мағынаның айқындығы — норманың мазмұнын терең түсіну, талқылаудың нәтижесіндегі әр түрлі сенімсіздіктің жоқтығы. Мағынаның белгілілігі — жасалған қорытындылардың негізінде, бір, не бірнеше шешім шығаруға жол бермейтін, құқық нормаларының мазмұндарының нақтылығы [5].

Талқылаудың нәтижелері мәтіндегі нормалардың көрінісімен (заңның сөзі) және оның шын мәнісіндегі мазмұндарының (заңның рухы) арасындағы қатынастарға байланысты түрлерге бөлінеді. Көбінесе шын мәніндегі құқық нормаларының мәнін сөз арқылы түсінуге болады, норманың анық түрдегі мәтініне сай болуы қажет. Ондай талқылауды сөзбе-сөз талқылау деп атайды. Сөзбе-сөз талқылауды құқық нормалары толығымен оның мәтінінің мазмұнына сай келеді (заңның сөзімен рухы бір-біріне дәл келеді).

Егер түсіну нәтижесінде шын мәнісіндегі мазмұнын оның мәтіндегі көрінісінен кемдеу болса, талқылауды шек қоюшы деп атайды. Шектеуші талқылауда норманың мәтіндері оның мазмұнымен толық сәйкестендіріледі.

Егер түсіну нәтижесінде нормалардың шын мазмұны оның мәтінде кендеу болса, оны таратушы талқылау деп аталады. Бұған мысал ретінде Конституцияның бабын айтуға болады, онда соттар тәуелсіз, тек заңға бағынады делінген, Конституцияның бұл бабындағы шын мәніндегі шын атауының мазмұны, оның сөздік көрінісінде қарағанда кең.

Сонымен, шектеу және тарату талқылаулары шын мәніндегі құқық нормаларының мазмұнын толық сәйкестендіреді және нормативтік-құқықтық баптың мәтінде дәл жазылады. Құқық нормаларын ресми және ресми емес, нормативті және казуальді талқылау.

Заңға қосымша актілер. Құқық нормаларын түсінуде, жоғарыда көрсетілгендей, олардың мазмұнының анықтығы, белгілілігі толық еместігін байқаймыз. Ол әр түрлі себептермен түсіндіріледі. Мысалы, азаматтардың заңмен таныстығының жетімсіздігі көп жағдайда құқық нормаларын түсіндіруде қиындық туғызады, мысалға, кейбір кездегі кездесетін іс жүзіндегі құқық қолданудағы қайшылықтарды айтуға болады. Сондықтан қажетті жағдайға жататындар құқық нормаларын талқылау — түсіндіру және оларды дәл асыруды қамтамасыз ету, іс жүзіндегі, әсіресе оларды қолдану процесіндегі қателікті жібермейді.

Еліміздің Ата Заңында «мемлекеттік тіл — қазақ тілі» деп айқын көрсетілгені бәрімізге аян. Сондықтан да мемлекетіміздің, қоғамымыздың тіршілігіндегі қарым-қатынас нормаларының жүргізілуі, яғни, заң саласына қатысты құжаттар (нормативтік актілер, заң жобалары, ережелер т.б.) түрлеріне тән синтаксистік құрылымдардың қолданыс ерекшелігін анықтау, жүйелеу, саралау, екшеу сияқты өзекті мәселелерді көтеру — өмір қажеттілігінен туындаған заңды құбылыс. Заң шығару, сот ісін жүргізу, әкімшілік-шаруашылық салаларында сөйлеу тілінің табиғаты екі жақты: оның мазмұны нақты болғанмен, сол мазмұнды бейнелеудің құралдары дерексіз. Кезінде бұл туралы лингвист Шарль Балли былай деп жазды: «Әкімшілік тілінің мәні мынадан көрінеді: оның негізі ғылыми сипатта болады, сонымен бірге күнделікті өмірмен үйлесіп жатады (Ш. Балли. Француз лингвистикасы. — М., 1961). Өмірдің түрлі құбылыстары іс жүргізу стилінде белгілі бір қалыпқа түскен жағдайлардың, терминденген сөздердің (сауалнама, анықтама, нұсқаулық, қаулы-қарар, хаттама, бұйрық, заң т. б.), сондай-ақ тұрақты тіркестердің шектеулі мөлшеріне сыйғызылып беріледі.

Соған орай заң шығармашылық саласына тән құжаттар түрлерінде қолданысқа түсетін синтаксистік құрылымдарды зерттеудің мынадай екі жақты маңызы бар:

1. Синтаксистік құрылымдардың заң шығарушылық стилінде қолданыс ерекшелігін анықтау.

2. Түрлі синтаксистік құрылымдардың заң шығарушылық стиліндегі коммуникативтік мүмкіндіктерін танып-білу. Демек, заң саласына тән құжаттар стилінің ерекшеліктерін, синтаксистік сипатын тану тек осы стиль үшін ғана құнды емес, қазақ тілінің синтаксистік жүйесі үшін де маңызды. Себебі ресми іс жүргізу стилі әлеуметтік сананың ерекше формасы — құқықтық санамен сәйкеседі. Адамдарды басқару заңдар, ережелер, жарғылар негізінде, сондай-ақ моральдық-этикалық, ұйғарымдар мен тыйымдар негізінде жүргізілетіндіктен, басқарушы үшін құқықтық және моральдық нормаларды білу ерекше мәнге ие болады [6].

Заң салаларына тән құжаттар жанрларының түрлерінде стилистикалық ерекше амал-тәсілдері мен синтаксистік құрылымдар кездесуі мүмкін. Тіпті бір ғана арыз бен актілердің немесе баптардың стилі қысқа әрі нұсқа болып келсе, екіншілерінікі біртұтас мазмұнда байланысқан мәтінде бірнеше шешім, тұжырымдар, бөлімдер, бөлімшелерге, тармақтарға бөлініп келуі арқылы ерекшеленіп отырады. Мазмұны мен құрылысына сәйкес мүлдем әр алуан синтаксистік құрылымдардың ұшырасуы осы стильдің негізгі ерекшелігі болып табылады. Заң құжаттары тілінің синтаксистік құрылысы деген ұғымды қазақ әдеби тілінің синтаксисінен бөлек құбылыс екен деп қорытпау керек. Тілдік құрылымның басқа салаларда жазба тіліміздің, соның ішінде заң құжаттары тілінің синтаксистік құрылысы да ресми хат-хабарлар тілінің жалғасы ретінде үнемі дамып, өзгеріп отыратыны белгілі. Сондай-ақ өзінің атқаратын қызметіне лайық терминологиялық жағынан ерекшеленіп, саралануыда оның синтаксистік құрылысының дамуынан да көрінеді.

Сол себепті бұл форма «қимыл есімі» деген атпен де мәлім. Мысалы, «Қазақстан Республикасының Конституциясынан» үзінді келтірейік: «Заңдардың жобаларын қарауға қабылдау және қарау». Республика Парламенті қабылдаған заңдарға Қазақстан Республикасы Президентінің қарсылықтары бойынша ұсыныстар әзірлеу. Республика Президентінің ұсынысымен Республиканың Орталық сайлау комиссиясының төрағасын, төрағасының орынбасарын, хатшысы мен мүшелерін

сайлау және қызметтен босату. Республика Президентінің кезекті сайлауын хабарлау және оның кезектен тыс сайлауын тағайындау.

Сөз болып отырған жағдай осы форманың жаңа функциясын туғызған, яғни, мемлекеттік тіліміздегі барлық салада кеңінен қолдану үшін іс қағаздарының қазақ тіліндегі үлгісі ретінде жаңа заман ағымы, өмір талабына сай туындаған қажеттілік деп есептейміз.

Қандай да бір халықтың тілі болмасын сан ғасырлық тарихы бар, миллиондаған адамдарға қызмет етіп отырған тілдің тарихы, дамуы, қалыптасуы негізсіз, тақыр жерден шыға салмайды.

Ал, бұл күнде мұндай абстракты есім-терминдер қосымшасымен жасалған тұйық етістікпен беріледі: айыптау, қаралау, жазалау, мойындату, мойындау т.т. Бұл грамматикалық категориялық қолданыс өрісі көбінесе қаулы-қарарларда, ережелерде заң баптарында жиі кездесетіні, яғни заңшығарушылық стиліне тән болуы, оның көркем әдебиет, публицистикалық, ғылыми және ауызекі стиль тармақтарынан ажыратылып саралануына және заң саласына тән құжаттар стилінің бірізділікке түсіп, жүйелеуі қазақ тілінің стилі үшін ғана емес, синтаксистік жүйесі үшін де маңызды. Сөйтіп, қазақ лингвистері тарапынан айтылған барлық пікірлерді саралай келе, қимыл есім жасайтын тұлғалы форманың сонау тарихи көне жазбаларда жиі көрініп, бұл форманың қалыптасу процесі барлық дәуірлерде әр түрлі дәрежелерде дамып, қазіргі қазақ тілінде етістіктен қимыл есім жасайтын грамматикалық мағынасымен, формасымен, құрылысымен ерекшеленгенін салыстыра отырып, бұлардың арғы тегі бір екен деп тұжырымдадық.

Құқықтық нормаларды қолдану үшін оның мазмұнын азаматтар, бірлестіктер, органдар жақсы білуі керек. Егерде қоғамның құқықтық сана-сезімі төменгі дәрежеде болса, нормативтік актілер дұрыс қолданылмайды, заңсыздыққа жол береді. Құқық нормаларының маңызды ерекшеліктерінің бірі — олардың жалпылама қиялдық (абстракты) сипаты. Бұл нормаларды қолдану барысында нақтыландыру, талқылау, түсінік беру қажеттігі туады [7].

Сондықтан мемлекеттік органдар жаңа құжатты бекітсе, оған жан-жақты түсінік беру қажеттігі туады. Түсінік берудің негізгі мақсаты — жаңа норманы халық оқып, біліп сол арқылы оның дұрыс қолдануын, іске асуын қамтамасыз ету. Түсінік бергенде норманың өмірге келу себебі, оның қолдану тәсілі, жолдары, ондағы құқық пен міндеттердің орындалуы, жауапкершіліктің түрлері көрсетіледі.

Құқықтық нормаларға түсінік берудің екі бағыты болады: біріншісі — жеке адамдардың норманы өздері оқып, білуін қамтамасыз ету; екіншісі — үгіт-насихат арқылы халыққа жаңа норманың мазмұнын, мақсатын түсіндіру. Түсінік беретін мемлекеттік органдардың қызметкерлер өте сауатты, тәжірибелері мол болуы керек. Сонда ғана олар түсінікті жоғарғы дәрежеде бере алады. Сонымен, жүйелік талқылау — нормаларды жүйе жүйеге, сала салаға бөліп, салыстырмалы түрде түсінік беру.

Негізгі заңды анықтау, қосалқы нормаларды салыстыру. Мысалы: жол ережесін бұзуда қандай негізгі норма, қандай қосалқы нормалар бар соны жан-жақты оқып, түсініп барып қолдану керек. Ал тарихи талқылау деп норманың өмірге келуінің уақыты, ол кездегі саясаттың мазмұны оның алдына қойған мүдде-мақсаты. Оның бәрі жан-жақты талқыланып, қорытынды жасалу керек.

Бұл талқылау әдісі құқықтық норманың құрылымдық қасиеті сияқты жүйелік талқылаудан негіз алады. Құқық нормалары қоғамдық қатынастарды бір-бірінен ажырамас, бір-бірімен байланыстырып жүзеге асырады. Бұл қатынастар талқылау кезінде ескерілуі тиіс. Құқық қолдану тәжірибесі үшін құқық нормалары арасындағы құрылымдық талдау жасау — маңызды құбылыс.

Осындай қатынастың бірі — терминнің мағынасын ашатын нормативтермен талқыланған нормалардың ара қатынасы. Тілдік талқылау ережесінен терминдерге арнайы мағыналы заңдық анықтама бергеніне сүйену қажет. Мысалы, ҚР ҚК 7-бабында қылмыстың түсінігі берілген, ҚР ҚАК 21-бабында 28 терминнің заңдық (ҚАК-де кездесетін) анықтамасы беріледі. Ал ҚР «Тауар биржасы туралы» Заңының 1-бабында 7 терминге анықтама берілген.

Сонымен қатар кейбір заң шығарушы актілер заңдарда қолданылатын терминдерге анықтама бермейді. Мысалы, ҚР «Шаруашылық серіктестіктер» және «Акционерлік қоғам туралы» Заңындарында «сенім серіктестігі» термині қолданылады. Бұл терминді тек тар мамандандырылған адамдар түсінеді, бірақ бұл заң адамдардың кең көлемді тобына арналып жасалады. Біздің ойымызша, осындай терминдерге заңда түсініктеме беру керек.

Талқыланып жатқан норма басқа шұғыл, тез арада қабылданатын нормалармен ара қатынасы маңызды болып табылады. Бұл көрсетілген байланыс құқық нормасын талқыланғанда міндетті түрде

ескерілуі қажет. Шұғыл мерзімде қабылданатын нормалар әдеттегі нормативтік әрекет жағдайынан ажыратылуы керек немесе қоғамдық қатынастарды реттейтін жаңа топтар не болмаса әрекеттің жаңа мерзімдік күшіне сай кеңейтілуі, яғни таратылуы, тиіс. Бұл ара қатынасты қалыптастыру норманың уақыт, кеңістік, тұлға шеңберінде нақты және дұрыс анықтауға көмектеседі.

Келесі ара қатынас талқыланып жатқан бап пен актілерді, сол норма құрамын өзгерту немесе толықтыру және нақтылау үшін қарастырылады. Осындай қатынастарды өткізіп алу құқық нормаларын бұрыс талқылап, тіпті заңның құрылуына әкеліп соғуы мүмкін. Енді сілтемелік баптарға тоқталсақ. Заңшығарушы экономикасы мақсатында, артық қайталану болмас үшін (заңшығарушы кейде құқықтық норманың барлық элементін көрсетпейді), басқа баптарға сілтеме жасайды. Бұған мысал ретінде ҚР ҚК 93-бабында ҚР ҚК 88-бабының 1-бөлігіне сілтеме жасайды [8].

Сонымен, сілтемелік баптардан бланкеттік нормалардың айырмашылығы сол, бланкеттікте нақты нормативтік акт, нақты бап көрсетілмейді. Олар әдетте белгілі бір нормаға сілтеме жасайды (қайнар көзін көрсетпей). Мысалы, ҚР ҚК 217-бап («Жол ережесін бұзу»), ҚР Әкімшілік құқық-бұзушылық кодексінің 134-бабы.

Тарихи талқылау әдісі. Тарихи талқылау құқық нормаларының мағынасы оның шығу тарихына байланысты болады. Бұл әдісте талқылау құқықтан тыс, тарихи аспектілерге сүйенеді.

Нақты тарихи аспектілерге сүйену кезінде әр түрлі құжаттар, тарихи зерттеулер ескерілуі мүмкін. Заң шығару үрдісіне тікелей қатысты ету үшін, көп жағдайда қайнар көзден бастау алады; нормативтік актілердің жобасын талқылау; түсіндірме қағаздарының болуы; органдар отырысының хаттамалары; заңдардың жалпы халықтық талқылаудан өткізген ұсыныстар; органдардың заң шығаруға тікелей қатысты баяндамалары мен ұсыныстарын қабылдау.

Қазақстанның тәуелсіздігін алғаннан кейінгі кезеңдегі экономикалық, саяси және қоғамдық өмірдің түпнегізді өзгеруін республиканың өзінің құқық жүйесін өңдеу керектігін ұсынып отыр.

Дәл қазір қазақстандық заң ғылым алдында және жеке жалпы теориялық құқық алдында сот органдарының, прокуратураның, құқық қолдану практикасының жаңа жүйесін құру барысында қандай құқықтық концепцияны ұстану керектігі жөнінде сұрақ туып отыр.

Қазіргі таңда республикамызда бүкіл заңнаманы жаңарту процесі іске асып жатыр. Бірақ экономикалық тұрақсыздық, әлеуметтік қатыстығы тұрақсыздық және нақты заңшығарушылық акт қабылдау — оңай іс емес, бұл ғалымдардың үлкен талпынысы ғана емес, сонымен қатар ірі қаражат бөлуді де талап етеді.

Осылай Конституцияны талқылау процедурасы оның заңдық әзірленуі, мемлекет және демократиялық қоғамның қамына сай талқылаудың басқа критерийлерінен кем емес рөл ойнайды; сөз мағынасы, грамматикалық конструкция, Конституция мен заңның мағыналық байланысы, Негізгі Заң жағдайының мағынасын анықтау үшін және оны құқықты жүзеге асырушы бүкіл субъектілердің адекваттық түсінуі объективтік мақсат және тарихи контекстегі реттеу мақсаттарының кезеңі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Баймаханов М.Т. Проблемы воплощения принципов правового государства в Конституции Республики Казахстан // Государство и право. — 1992. — № 8. — С. 24, 25.
- 2 Баймаханов М.Т. Спор продолжается // Юридическая газета. — 2002. — 6 февр. — С. 4.
- 3 Әбдрасұлов Е. ТМД конституцияларына түсінік берудің кейбір аспектілері // Заң. — 2001. — № 12. — 3-б.
- 4 Соцуро Л.В. Неофициальное толкование норм права. — М.: Профобразование, 2000. — С. 42.
- 5 Карасев М.Н. Некоторые аспекты толкования норм права // Журнал российского права. — 2000. — № 11. — С. 37-39.
- 6 Волпенко Н.Н. Официальное толкование норм права. — М.: Юридическая литература, 1976. — С. 43.
- 7 Вильнянский С. Значение логики в применении правовых норм // Ученые записки Харьк. юрид. ин-та. — 1948. — Вып. 3. — С. 49.
- 8 Дюрягин И.Я. Применение норм советского права // Вопросы теории. — 1973. — С. 19.

М.Ш.Какимова, А.И.Бирманова

Системный и исторический методы толкования норм права

В статье рассматриваются вопросы и особенности однообразного правильного понимания, применения и толкования правовых норм. Дан анализ содержания нормативных предписаний, а также показана их роль в механизме правового регулирования. Отмечено, что сущность, содержание правовой нормы зависят также от других логически взаимосвязанных с ними норм права, так как недостаточное внимание к взаимосвязи норм права может привести к неправильному их толкованию. Предлагается изучить с помощью системного и исторического метода взаимосвязь между нормами и формами права. Авторы утверждают, что на современном этапе развития казахстанской юридической науки есть необходимость разработки новой правовой концепции, в которой будут представлены приоритетные требования толкования норм права как особой стадии реализации норм права для всех субъектов правоприменительной деятельности государства.

M.S.Kakimova, A.I.Birmanova

Systems and historical methods interpretation of laws

This article discusses issues and particularly monotonous proper understanding, application and interpretation of legal norms. The article analyzes the content of the legal prescriptions, their role in the mechanism of legal regulation. The main essence of the content of the legal norm also depends on other logically connected with it the rule of law as well as a lack of attention to the relationship of the law can lead to an incorrect interpretation of the content of legal norms. It is proposed to study using the system and method of the historical relationship between the rules and the forms of law. In this regard, at the present stage of development of Kazakhstan's jurisprudence there is a need to develop a new legal concept, which will be presented to the priority requirements of the interpretation of the law as a distinct stage of implementation of the law for all subjects of law enforcement activities of the state.

References

- 1 Baimakhanov M.T. *State and Law*, 1992, 8, p. 24–25.
- 2 Baimakhanov M.T. *The debate continues* // Legal Newspaper, 2002, February, 6, p. 4.
- 3 Abdrasulov Ye. *Lawyer*, 2001, 12, p. 3.
- 4 Sotsuro L.V. *Informal interpretation of the law*, Moscow: Professional education, 2000, p. 3.
- 5 Karasyev M.N. *The World of Law*, 2000, 11, p. 37–39.
- 6 Voplenko N.N. *Official interpretation of the norms of law*, Moscow: Law books, 1976, p. 43.
- 7 Vilnyansky S. *The logic in the application of legal norms*, Proceedings of Kharkov Law Institute, Issue, NW, 1948, p. 49.
- 8 Dyuryagin I.Ya. *Questions of the theory*, 1973, p. 19.